

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі N 3928
Жарлығын іске асыру туралы**

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 9 шілдедегі N 651 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19
қыркүйектегі N 1411 Қаулысымен.

*Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.09.19. N 1411
Қаулысымен.*

"Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын
қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 27 сәуірдегі
N 3928 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі
қ а у л ы е т е д і :

1. Қоса беріліп отырған:

Мемлекеттік органдардың ақылы қызметтер көрсетуінің тәртібі;
Мемлекеттік органдардың қызмет көрсетулері үшін ақы белгілеу мен оның
мөлшерін айқындаудың тәртібі;
Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің Мемлекеттік
тіркелімін жүргізудің тәртібі;
Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін
өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1) "Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы
туралы ережені бекіту туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 1
қазандағы N 404 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1984 ж., N 20, 68-құжат);
2) "Қазақ ССР Көлемі шағын кемелер жөніндегі мемлекеттік инспекциясы
туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы" Қазақ ССР Министрлер Советінің 1987
жылғы 14 желтоқсандағы N 558 қаулысы (Қазақ ССР ҚЖ, 1988 ж., N 5, 27-құжат)
;

3) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің су заңдары мәселелері жөніндегі
кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу және күші жойылған деп тану туралы"
Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 4 мамырдағы N
473 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің су заңдары
мәселелері жөніндегі шешімдеріне енгізілетін өзгерістердің 13-тармағы (

Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1994 ж., N 21, 210-құжат).

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1998 жылғы 9 шілдедегі

N 651 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік органдардың ақылы қызметтер көрсетуінің
ТӘРТІБІ**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес мемлекеттік органдардың қызмет көрсетуін алатын кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің, сондай-ақ өзге де заңды тұлғалар мен азаматтардың (бұдан әрі - тұтынушылар) мүдделері мен құқықтарын қорғау, жеке және заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігінің кепілдіктерін нығайту мақсатында әзірленді. Осы Тәртіп тұтынушылар мен ақылы қызметтер көрсететін мемлекеттік органдардың арасындағы қатынастарды реттейді.

2. Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтер бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - монополияға қарсы органдар) жүргізетін Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілуге тиіс. < * >

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен .

2. Қызмет көрсетулерді ұсынудың тәртібі

3. Мемлекеттік органдардың тұтынушыларға ақылы қызметтер көрсететін орындарда көрнекті ұсынылған мынадай ақпараттары:

- 1) толық көлемде (қысқартусыз) жазылған осы Тәртіп;
- 2) өтініштерді қараудың мерзімдерін көрсете отырып, аталған мемлекеттік орган көрсететін ақылы қызметтердің тізбесі;
- 3) ұсынылатын қызметтердің монополияға қарсы органдар бекіткен, тиісінше Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының қаржы органдарымен келісілген бағалары;
- 4) тұтынушыларға қызмет көрсетулерді алу үшін ұсынылатын құжаттардың

т ұ п к і л і к т і т і з б е с і ;

5) тұтынушыға мемлекеттік органға ұсыну үшін қажет құжаттардың толтырылған үлгілері;

6) қызмет көрсетудің тәртібі мен шарттары (мемлекеттік органның жұмыс режимі, деректемелері, қызмет көрсету жөніндегі жеңілдіктер, өтінішті қараудың тәртібі) болуы тиіс .

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен .

4. Мемлекеттік органдар тұтынушының ауызша немесе жазбаша өтінімінің негізінде ақылы қызметтер көрсетеді. Мемлекеттік органдарға өтінімдер:

- 1) журналдағы жазбамен;
- 2) тіркелген нөмірі, қабылданған күні және өтінішті қараудың мерзімі көрсетілген құжат берумен көрсетіледі.

5. Көрсетілетін ақылы қызметтерге арналған өтініштерді қараудың мерзімдері қызмет көрсетулер түрлерінің әрқайсысы бойынша жұмыстардың нормативтік еңбекті қажет етуіне сәйкес болуы тиіс және жеті күннен аспауы қажет. Өтініштерді қараудың мерзімі тұтынушы ақысын төлегендігін растайтын және қолданылып жүрген прејскурантта көрсетілген өзге де құжаттарды ұсынған сәттен бастап есептеледі .

6. Прејскурантта көзделмеген ақы алуға тыйым салынады.

7. Мемлекеттік органдардың тұтынушыға заңдарда көзделмеген негіздерде ақылы қызметтер көрсетуден бас тартуға құқығы жоқ.

8. Мемлекеттік органдарға тұтынушылардан осы тәртіпте көзделген қандай да болмасын шарттарды орындауды талап етуге тыйым салынады.

3. Мемлекеттік органдардың, тұтынушылардың ақылы қызметтер көрсетуі (алуы) кезіндегі құқықтары мен міндеттері

9. Мемлекеттік органдар:

- 1) тұтынушыларға көрнекі және қол жетімді нысанда қажетті және дұрыс а қ п а р а т ұ с ы н у ғ а ;
- 2) тұтынушыларға ақылы қызметтерді сапалы көрсету үшін жағдай жасауға;
- 3) тұтынушыларға көрсетілетін ақылы қызметке жататын мәселелер бойынша жан-жақты тегін консультациялар беруге;
- 4) қызмет көрсетулерге алдын ала ақы төлеуді талап етуге;
- 5) прејскурантта көзделген баға мен мерзімдер бойынша толық көлемде қызметтер ұсынуға міндетті.

10. Т ұ т ы н у ш ы л а р :

- 1) мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер үшін ақы төлеуге;
- 2) заңды тұлғалар - өзінің деректемелерін: ұйымның атауын, мекен-жайын, төлем деректемелерін, СТН және басқалары; жеке тұлғалар - тегін, атын, әкесінің атын, туған күні мен жерін, үйінің

мекен-жайын, СТН мемлекеттік органға хабарлауға;

3) қызметтер көрсету үшін қажетті құжаттарын толық көлемде ұсынуға м і н д е т т і .

11. Тұтынушы мемлекеттік органның бүкіл жұмыс күнінің ішінде қызметтер көрсету туралы өтінішпен өтінім жасауға құқылы.

12. Тұтынушы ақылы қызмет көрсетілмеген немесе дұрыс көрсетілмеген кезде, заңдарда белгіленген тәртіпте мемлекеттік органның қызметіне ша ғ ы м д а н у ғ а құ қ ы л ы .

13. Өтініштерді қараудың нәтижелері туралы тұтынушыларға жазбаша х а б а р л а н а д ы .

14. Өтінішті қараудың нәтижелерімен келіспеген немесе жеті күндік мерзім ішінде жауап алмаған жағдайда, тұтынушы жоғары тұрған органға немесе сотқа ша ғ ы м д а н у ғ а құ қ ы л ы .

15. Осы Тәртіпте белгіленген ақылы қызметтер көрсетудің тәртібі бұзылған кезде мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, оны бұзуға кінәлілер қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жауапқа тартылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 9 ш і л д е д е г і

№ 6 5 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік органдардың қызмет көрсетулері үшін ақы белгілеу мен оның мөлшерін айқындаудың тәртібі

Ескерту. Мәтіндегі "уәкілетті органдарға", "уәкілетті органдар", "уәкілетті органдардың", "уәкілетті органның" деген сөздер "монополияға қарсы органдарға", "монополияға қарсы органдар", "монополияға қарсы органдардың", "монополияға қарсы органның" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже "Азаматтар мен заңды тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне құқығын қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына сәйкес мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтерге, жұмыстарға (бұдан әрі - қызмет көрсетулер) арналған бағаларды ұсынудың, қараудың және бекітудің бірыңғай тәртібін орнықтыру мақсатында әзірленді.

2. Мемлекеттік органдар көрсететін қызметтер бағаларын бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган немесе оның тапсыруы бойынша, оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - монополияға қарсы органдар) бекітеді және тиісінше, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың,

Астана мен Алматы қалаларының қаржы органдарымен келісіледі. <*>

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075

қ а у л ы с ы м е н

3. Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтер монополияға қарсы органдар жүргізетін, Мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтердің мемлекеттік тіркеліміне енгізілуге тиіс. <*>

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075

қаулысымен .

2. Бағалардың (прейскуранттардың) жобалардың бекітуге ұсынудың тәртібі мен мерзімдері

4. Ақылы қызметтер көрсетуге арналған бағаларды бекіту немесе оларды өзгерту тоқсанына бір реттен жиі жүргізілмейді, бекітілген бағалар тоқсанның 1-күнінен енгізіледі .

Бағаларды бекіту мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ақылы қызметтер көрсететін мемлекеттік органдар тоқсан басталғанға немесе бұрын бекітілген прейскуранттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін 45 күн бұрын бағалардың жобасын уәкілетті органдарға ұсынады;

2) монополияға қарсы орган бағаларды бекіту үшін қажетті барлық материалдарды алған күннен бастап 20 күндік мерзімде ұсынылған жобаларды қарайды және тиісті шешім қабылдайды;

3) жаңа бағалар туралы шешімді мемлекеттік органдар оларды енгізгенге дейін 10 күн бұрын баспасөзде ресми жариялайды.

5. Бағалардың жобалары Үкімет белгілеген Мемлекеттік органдардың ақылы қызметтер көрсетуі тәртібінің талаптары ескеріле отырып прейскуранттардың жобалары нысанында ұсынылады .

6. Преискуранттардың жобаларына:

1) бағаларды бекітудің немесе қайта қараудың қажеттілігі көрсетілетін қызметтер үшін ақы алудың негіздемесіне негізделетін түсіндірме жазба;

2) қызметтер көрсету жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттама;

3) қызмет көрсетулердің әрбір түрі бойынша шығындарды таратып көрсету қ о с а б е р і л е д і .

7. Ұсынылатын материалдардағы есептік деректер бухгалтерлік стандарттардың тиісті нысандары көрсеткіштерінің негізінде толтырылады.

8. Монополияға қарсы органдар бағалардың жобаларына өзгерістер енгізген жағдайда ол туралы үш күндік мерзім ішінде өзінің қарсылығын ұсынуға құқылы мемлекеттік органға хабарлайды. Қарсылықтарды қараудың нәтижелері бойынша түпкілікті шешім қабылданады .

9. Ақылы қызмет көрсетулерге арналған преискурант: титульдық парақты, " Жалпы нұсқаулар" тарауын, тұтынушы қызметтер көрсету үшін мемлекеттік

органға ұсынатын құжаттардың тізбесін, тұтынушылардың өтініштерін қараудың мерзімдерін, қызмет көрсетулердің атауын және олардың құнын қамтуы тиіс.

10. Монополияға қарсы органдар прејскурант қолданысқа енгізілгенге дейін кемінде 15 күн бұрын бағалардың жобаларын ұсынған мемлекеттік органдарға қабылданған шешім туралы хабарлайды.

3. Прејскуранттардың жобаларын қараудың тәртібі

11. Прејскуранттарды қарау кезінде материалдардың шығындары, амортизациялық аударымдар, жалпы, әкімшілік және басқа да шығындар нормаларының қолданылып жүрген нормалар мен сараптық бағаларға сәйкестігі тексеріледі.

Нормаларды немесе сараптық бағаларды ақылы қызметтер көрсетуші мемлекеттік орган айқындайды және егер заңдарда оларды бекітудің басқа тәртібі көзделмесе оның жоғары тұрған органы бекітеді.

Монополияға қарсы органдар прејскуранттардың негіздемесіне ұсынылған нормалар мен сараптық бағалардың есептелуінің дұрыстығына сараптау жүргізуге құқылы.

Материалдық шығындардың құны қосылған құнға салықсыз, бағалардың калькуляциясында ескеріледі.

12. Ақылы қызметтер көрсету бағаларына енгізілетін еңбекке ақы төлеуге жұмсалатын шығыстарды есептеу кезінде қызметкерлердің нақты, бірақ нормативтен аспауға тиіс саны ескеріледі.

Мемлекеттік органдар көрсететін қызметтерге қызметкерлердің нормативтік саны мен еңбек шығынының (уақыт, еңбек сыйымдылығы) нормативтері, тиісінше, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау органдарымен келісіледі. <*>

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен.

13. Бағаларды қалыптастыру кезінде шығындардың құрамында ақылы қызметтер көрсетуге тікелей байланысты емес шығыстар есептелмейді.

14. Бағаларды бекітетін монополияға қарсы органдар бағалардың деңгейін айқындау кезінде ескерілген іс жүзіндегі шығындарға талдау жүргізеді, сондай-ақ бағаларды есептеу дұрыстығының сақталуына бақылау жасауды жүзеге асырады.

15. Монополияға қарсы органдар ақылы қызмет көрсетулер және олардың құнын есептеу бөліктерінде мемлекеттік органдардың қызметін тексеруді жүзеге асыруға құқылы. Тексерулердің нәтижелері бойынша бағалардың негіздемесіне ұсынылған деректердің іс жүзіндегіден айтарлықтай ауытқуы анықталған кезде

монополияға қарсы органдардың өз шешімін тоқтатуға немесе преискурантқа өзгеріс енгізуге құқығы бар.

4. Осы тәртіптің талаптарын орындамағаны үшін жауаптылық

16. Бағаларды бекіту үшін қажетті материалдарды осы Тәртіпті бұза отырып ұсыну - уәкілетті органның преискуранттардың жобаларын қараудан бас тартуы үшін негіз болып табылады.

17. Преискуранттарды бекітуге ұсынған мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары қасақана дұрыс емес немесе жалған мәліметтер ұсынғаны үшін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген тәртіппен жауаптылыққа тартылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғы 9 ш і л д е д е г і

№ 6 5 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Мемлекеттік органдар қызмет көрсететін ақылы қызметтердің Мемлекеттік тіркелімін жүргізудің тәртібі

Ескерту. Мәтіндегі "уәкілетті органдарға", "уәкілетті орган" деген сөздер " монополияға қарсы органдарға", "монополияға қарсы орган" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тәртіп Мемлекеттік тіркелімді қалыптастырудың, жүргізудің және оған өзгерістер енгізудің тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік органдар көрсететін және алымдар, аударымдар және төлемдер түрінде ақы төленетін ақылы қызметтердің мемлекеттік тіркелімі (бұдан әрі - Тіркелім), - ол мемлекеттік органдар, олар үшін ақы алу арқылы көрсетуге құқылы, қызмет көрсетулердің тізбесі.

3. Мемлекеттік органдарға ақылы қызметтер көрсету кезінде Тіркелімде көзделмеген алымдар, аударымдар және төлемдер алуға тыйым салынады.

2. Тіркелімді жасаудың, жүргізудің және оған өзгерістер енгізудің тәртібі

4. Тіркелімді бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі монополияға қарсы орган мен оның аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі - монополияға қарсы органдар), тиісінше, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, Астана мен Алматы қалаларының қаржы органдарының келісімі бойынша қалыптастырады және бекітеді. < * >

Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075 қаулысымен .

5. Мемлекеттік органдар Тіркелімге ақылы қызмет көрсетулерді кіргізу үшін

монополияға қарсы органдарға өтінімдер ұсынады. Өтінімдердің нысаны мен оны ұсынудың тәртібін монополияға қарсы орган айқындайды.

6. Тіркелім республикалық және жергілікті бөлімдерді қамтиды. Тіркелімнің республикалық бөлімі бәсекелестікті қорғау және монополистік қызметті шектеу жөніндегі уәкілетті орган басшысының бұйрығымен, Тіркелімнің жергілікті бөлімдері - оның аумақтық бөлімшелерінің бұйрықтарымен бекітіледі. <*>

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2001.08.17. N 1075

қ а у л ы с ы м е н .

7. Тіркелім мынадай деректемелерді:

- 1) мемлекеттік органның атауын;
- 2) алымның, аударымның немесе төлемнің түрін;
- 3) ақылы қызметтер көрсету үшін негіздемені қамтиды.

8. Тіркелімнің республикалық және жергілікті тарамдарын нақтылауды жылына кемінде екі рет (жылдың және жарты жылдықтың қорытындысы бойынша) уәкілетті орган жүргізеді.

9. Тіркелімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу үшін негіздеме:

- 1) негіздемені мемлекеттік органдар көрсететін ақылы қызметтерді белгілеу (алып тастау, өзгерту) бөлігінде өзгерту;
- 2) ақылы қызметтер көрсететін мемлекеттік органдарды құру, қайта атау, қайта ұйымдастыру немесе тарату.

10. Тіркелімді монополияға қарсы орган "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жылына кемінде бір рет, 1 сәуірден кешіктірмей ресми жариялайды.

11. Тіркелімге енгізілетін өзгерістер міндетті жариялануға жатады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 8 ж ы л ғ ы 9 ш і л д е д е г і

N 6 5 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1 . < * >

Ескерту. 1-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.01.29. N 68

қ а у л ы с ы м е н

2 . < * >

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 498

қ а у л ы с ы м е н

3. <*> *Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.03.01. N*

1 4 2

қ а у л ы с ы м е н .

4 . < * >

Ескерту. 4-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.09. N 124 қаулысымен

5 . < * >

Ескерту. 5-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1998.12.23. N 1322 қаулысымен

6 . < * >

Ескерту. 6-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.08.19. N 918 қаулысымен

7. <*> *Ескерту. 7-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.07. N 646 Қаулысымен*

8 . < * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.17. N 251 қаулысымен

9 . < * >

Ескерту. 9-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 498 қаулысымен

1 0 . < * >

Ескерту. 10-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.04.28. N 407 қаулысымен .

1 1 . < * >

Ескерту. 11-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.03.12. N 234 қаулысымен

1 2 . < * >

Ескерту. 12-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.12.04. N 1164 қаулысымен .

Ескерту. 13-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 1999.04.29. N 494 қаулысымен .